



кен. Ол үшін институттан арнайы экспедиция құрып, өзі бас болып Оңтүстік Америка, Африка, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін аралап, өсімдіктердің барлық түрінің тұқымдарын жинап (150 мыңдай) Ленинградқа әкелген. Ол кісі тіршілік

түрлерінің генетикалық заңдылыққа бағынып, бар қасиетін, өнімділігін өз ұрпақтарына, тек гендер арқылы беретіндігін ашқан батыс ғалымы Г. Менделдің теориясын қостаған. Осыған орай Н. Вавилов өсімдіктердің қажет қасиеттерін селекциялық жолды пайдалана отырып, жаңа сорттар шығару бағытында пайдаланады. Бұл партия идеологиясына қарама-қайшы еді. Оған Лысенко бастаған дарвинистер бағытындағы ғалымдар қарсы шығып, ғалымға буржуазиялық мендельшіл деп айып тағылып, істі болады. Сонымен әлемдік өсімдіктер коллекциясын жинау жұмысы аяқтаусыз қалады. Соңынан

ру, т. б. жөнінде ұзақ мерзімге арналған тақырыптық жоспарлар жасаудың ең қайнарында тұрған болатын. Сайып келгенде осы жұмыстарды көре білу, материалдық-техникалық базасын жасау, кадрлар дайын-

дау қыруар қаржы қажет ететін еді. Бұл уақыт кеңес дәуірінің соғыстан кейінгі ең ауыр кезеңі екенін еске алсақ, ғылымға ғана емес, халық шаруашылығының барлық саласына мемлекеттік қолдау және қаржылай көмек керек болатын. Ал мұндай қаржы мәселесі бір орталықтан республикалық деңгейде шешілетін. Ол үшін мемлекет алдына қойылатын мәселе ел өміріне ауадай керектігімен қоса ғылыми тұрғыдан дәлелді, іс жүзінде Қазақстан ауыл шаруашылығының келешекте қарыштап, алға басуын көрсете

Кәрім аға

Кеңестік дәуірдің қай кезеңінде болсын халқымыз басынан талай-талай қуғын-сүргінді өткізді. Солардың ең қасіреттісі елдің тіршілік көзімалын сыпырып алып, жаңа қоғамға сай ұжымшар құру кезеңі. Нәтижесінде халқымыз жаппай ашаршылыққа ұшырап, жартысынан жуығының опат болуы. Мұндай адам төзгісіз жағдайларға ара түскен ұлт зиялыларын, тіпті сауаттыларын коммунистік репрессия қынадай қырды. Осындай сұмдықтарды қаршадайынан көзімен көріп, басынан өткізген, өсе К. Мыңбаевтың халқымыздың жыртығына жамау болсам деген, ғылымның ер саласының көкжиегінде бір қолдың саусағына сиярлық шолпандай жарқыраған аза, - маттарымыз шықты.

Солардың бірегейі Кәрім Мыңбаев ағамыз. Халқымыздың қайнар бұлағы ауылда өскен жас бала ел ахуалының малдың өнімділігіне, жердің құнарлығына тікелей байланысты екенін ерте түсінген сияқты. Сондықтан да болар, ол болашақ мамандығын ауыл шаруашылығы саласына арнап, Орта Азия мақта-ирригация институтын 1932 жылы тәмамдайды. Еңбек жолын Грузияда бастап, елге 1934-1936 жылдары оралып, алғашқыда Алматы селекциялық станцияның аға ғылыми қызметкері, кейіннен осы станцияға қарасты 2-ші қаучук қосалқы шаруашылығына директор болды. Осы кезден ғылымға деген құштары оны Ленинградтағы Бүкілодақтық өсімдіктер өсіру институтының аспирантурасына алып келеді. Ол мұнда 1936-1939 жылдар аралығында бұрынғы шаруашылықта бастаған көксағыз туралы жұмысын әрі қарай жалғастырады. Оның табиғи

қамауға алынып, есіл азамат 1943 жылы Саратов абақтысында аштықтан көз жұмады.

Ал ағамыз ғылыми жетекшісі қамалдардың алдында 1940 жылы Ленинградтың Ауыл шаруашылық институтында кандидаттық диссертациясын табысты қорғайды. Содан соң Бүкілодақтық ауыл шаруашылық академиясының докторанты болады да, оның өсімдіктер бөлімінде аға қызметкер, артынан сол бөлімді басқарады. Ал 1941 жылы соғыс басталғанда әскерге алынып, Омбыда әскери дайындықта болады. Үкімет көп ұзамай Мыңбаевтың ғылыми жұмысы қауыпты соғысқа қатысты маңызды өсімдік екенін ескере отырып, оны ғылыми жұмысын жалғастыруға босатады. Бұл уақытта Бүкілодақтық өсімдіктер институты Красноуфимск қаласына көшірілген болатын. Әскерден қайтқан К. Мыңбаев көксағызға байланысты жұмыстарын осында әрі қарай жалғастырады. Нәтижесінде 1944 жылы биология ғылымдарының докторы деген атақ алады. Ал 1942-1944 жылдары елге оралған ағамыз Қазақ ССР жоспарлау комитеті бастығының орынбасары қызметін атқарады.

Қазақтан шыққан алғашқы биология ғылымдарының докторы К. Мыңбаев 1944 жылы Бүкілодақтық Ауыл шаруашылық Ғылым Академиясының Қазақстанда алғаш ұйымдасқан филиалының бастығы болып сайланады. Ол кезде елімізде ауыл шаруашылық мамандары жоқтың қасы деуге болады. Сондықтан ол негізгі жұмысымен қоса осындай қажет мамандар дайындауға да көп көңіл бөледі. Қазақ ауыл шаруашылық институтында селекция және генетика, Қазақ мемлекеттік университетінде дарвинизм кафедраларының меңгерушісі болып істейді. Ал 1946 жылы Қазақстанда ғылым академиясының құрылуына белсене қатысып,

білуді талап ететін. Бұған үкімет мүшелерінің көздерін жеткізіп мәселені оң шешу, тек үлкен ғылыми бедел иесі, білікті маман, ұйымдастырушы К. Мыңбаевтай ағамыздың ғана қолынан келген.

Казір уақыт биігінен қарағанда үлкен шалына бермейтін ұялған іс, еліміздегі ауыл

шаруашылығының қазіргі жетістіктерінің іргетасы сол кезде К. Мыңбаевтың тікелей бастауымен қаланған. Осы жұмыстарға қатысып, іске асырылған көнекөз қарияларымыздың қатары азауына байланысты уақтылы дәріптелмей, замандастарыма және бізден кейінгі ұрпаққа «Келіннің өзі келгендей, ұлдың өзі болғандай» болып көрінеді де тұрады.

Елбасымыз Н. Назарбаевтың 1998 жылды Ел тарихы жылы деп жариялауына байланысты маған қызмет бабында ҚарЛАГ мұрағатымен танысуға тура келді. Сонда бір сирек кездесетін құжатқа кездестім. Ол кезде республикамызда арнайы құралдармен жақсы жабдықталған және білімді мамандары бар ғылыми-зерттеу институты жетіспегеннен бо-

Қазақ Министрлер Кеңесі 22 тамыз 1948 жылы №651

Орталық Үкімет арқылы ГУЛАГ басқармасынан арқылы ГУЛАГ басқармасынан Сарыарқа, Бетпақдала аймағын мал шаруашылығына пайдалану мақсатында топырақ, мал азықтарын, су көздерін зерттеп беруді өтінген. Осыған байланысты ГУЛАГ бұл жұмысты жүргізуді осы аймақтағы бөлімшесі ҚарЛАГ-қа тапсырған екен. Олар лагерьдің зерттеу базасы және онда отырған турлі мамандықтағы ғалымдардың жеткілікті екеніне сүй-

түрін жерсіндіріп, қолдан өсіру және құрамында каучүгі мол жаңа сорттарын шығарып өндіріске енгізу туралы диссертациялық жұмысы болатын. Қазақстаннан келген жас маманның ғылыми жетекшісі аты әлемге әйгілі генетик - ғалым, осы институттың директоры Н. Вавилов болады.

Мүмкін дарынды таныған да болар, Олардың ұлылығы да осында. Н. Вавиловтың «Өмір қысқа, бәріне үлгеру керек» деген қанатты сөзі әлі күнге мамандардың есінде. Қоғам дамуы барысында адам баласының өзін қоршаған ортаға аяусыз қарауы, табиғатты келешек ұрпаққа қаз-қалпында сақтап қалу қажеттілігін туғызғанын алым ерте білген тәрізді. Соан да болар, ол әлемдік өсімдіктер банкісін жасауға кіріс-

оның құрамында биология бөлімі бойынша мүше-корреспондент болып сайланады.

Нағыз ауыл шаруашылық ғылымының көгінде аққан жұлдыздай көрініп, 1948 жылы 30 қыркүйекте бір топ қазақ ғалымдарымен Бүкілодақтық Ауыл шаруашылық Ғылым академиясының сессиясына бара жатқан жолда ұшақтың апатынан қайғылы қазаға ұшырайды. Республика бойынша ауыл шаруашылығы ғылымын қолына толық алған ол, саланың табысты, еңбектің жемісті болуы үшін атқарылар жұмыстарды ғылыми негізде жоспарлы түрде жүргізуді уақыт талабы деп біледі. Сондықтан да ғылыми-зерттеу институттарын, тәжірибе станцияларын әлі де болса көбейту, олардың алдарында елімізде азық-түлік молшылығын жасау үшін мол өнімді жаңа дақылдар шығару, мал тұқымын асылданды-

енген болар. Бұл жұмысты лагерь басшысының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, ғалым Д. Смирнов бастаған экспедиция 1948-1949 жылдары жаз, күз айларында 2, 5 млн. га жерді қамтыған далалық зерттеулер жүргізген Соның нәтижесінде өңірдің 98% әр түрлі бонитетті (13 тип) жайылым, 1, 5 % көлтабан - су басқан шабындық, далалық шабындық /6 тип/ және 0,5 % жыртуға жа-

рамды жер барын анықтаған.

**З. ЫСҚАҚОВ,
ауылшаруашылық
ғылымдарының кандидаты,
Е. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік
университетінің
доценті.
(Жалғасы бар).**